

# Ақсайдағы технопарк

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы Ақсай қаласында технопарк құрылысын бастады. Технопарктың пилоттық жобасының басталуын білдіретін алғашқы тасын қалау рәсіміне Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ғұмар Дүйсембаев, Өкілетті органның техникалық топ басшысы Айбек Крамбаев, КПО - ның сервистік қамту жөніндегі директоры Паоло Репетти, КПО қызметкерлері, қазақстандық мердігерлік компаниялар мен шетелдік инвесторлар қатысты.

Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ғұмар Дүйсембаев өзінің құттықтау сөзінде Ақсай қаласында технопарк құрылысының пилоттық жобасының басталуы осы бағыттағы Қазақстандағы

алғашқы жоба болып табылады. Ол облысымыз үшін ғана емес, қазақстан үшін де өте маңызды, қазақстандық қамтудың ары қарай дамуында маңызды рол атқарады деді.

КПО-ның сервистік қамту жөніндегі директоры Паоло Репетти «КПО қазақстандық компаниялардың инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда үлкен үлеске ие болуын қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының барлық бастамаларын барынша қолдайды. Осы міндетті орындау үшін біз мемлекеттік өкілетті органдармен тығыз байланыста жұмыс жасаймыз. Біздің қызметіміздің басым бағыттары қазақстандық компаниялардың әлеуеттілігін арттыра отырып қол жеткізген тұрақты даму



мен оларға озық тәжірибелерді жеткізуге арналған».

«Бұл жобаның мақсаты Ақсай қаласында технопарк жобасын жүзеге асыру мен оны пайдалануды қамтамасыз етуге қажетті негізгі шараларды белгілеу болып табылады. Ал технопарк жергілікті тауар жеткізушілер мен мердігерлерді әлемдік деңгейдегі техникалық стандарттарға сәйкестендіріп, КПО мен басқа да мұнайгаз жобаларын қызмет және тауар түрлерімен жоғары деңгейде қамтамасыз етуге ықпалды. Сонымен бірге ол Батыс Қазақстан облысы аумағында халықаралық инвесторлар мен акциянерлерді қолдау мен тартуға ықпалды нысандар кешенін құру мен Қазақстан Республикасында жоғары

технологиялар трансфертін қамтамасыз етеді» - деді КПО ның бөлім бастығы Қайрат Қапашев.

Индустриалды парк мынадай негізгі ғимараттардан тұрады: өндірістік шеберханалар, аспалы крандар мен газ бөлу жүйесі; блоктық модульді қондырғы мен панельді жинауға мамандандырылған электр және КИП бөлімі; дәнекерлеу жұмыстары мен дәнекерлеу технологиясы; құрылыс ағаштары өндірісі; өз қызметкерлері үшін оқу орталығы; «жасыл» бизнес қондырғысын бөлшектеу мен жинау» электр қондырғылары мен КИП-ке арналған сынақ лабораториялары; бақылау мен гидросынақ лабораториялары; кеңселер мен оқу орталықтары кешені; еркін аймақ ретіндегі қоймалар.

## Балалар мерекесі

Маусымның бірінде, жаз айының алғашқы күні Халықаралық балаларды қорғау күні атап өтіледі. Біздің еліміздің көптеген аймақтарында Балаларды қорғау күнін мерекелеу сан түрлі іс-шаралармен, жас дарындардың концерттерімен, спорттық жарыстар мен сурет салу байқауларымен қатар жүреді. Біздің қаламызда да бұл мереке думандата тойланды. Бірінші маусымда Абай алаңында мерекеге адамдар көп жиналды, кішкентайларын жетектеген ата-аналар жас таланттардың өнерлерін тамашалауға келген.

Концерт тыңдап, алаңда еркін ойнап күлген балалар өз пікірлерін де білдіріп жатты. №3 мектептің оқушысы Милена Савельева былай дейді: Балаларды қорғау күні ең сүйікті мерекелердің бірі. Бұл күні қаламызда балаларға арналған байқаулар мен концерттер ұйымдастырылады. Мен планетамыздың барлық балалары ешқашан мұңаймасын, ауырмасын, әуақытта бақытты болсын және үнемі күліп жүрсін деп тілеймін.

Бұл мерекеден КПО компаниясы да шет қалған жоқ. Олар бірнеше жылдан бері «Жол қауіпсіздігі» әлеуметтік бағдарламасының шеңберінде Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс-шаралар өткізіп келеді. Осы жолы да КПО қызметкерлері балаларға тосын сый әзірлеген екен. Олардың алаңға өздерімен бірге



ала келген ертегі кейіпкерлері балаларды ерекше қуанышқа бөледі.

«КПО Б.В. компаниясының ҚТ бойынша маманы Мира Бердіғалиева 2007 жылы өз жұмысын бастаған «Жол қауіпсіздігі» бағдарламасы Ақсай қаласының білім мекемелеріне арналған «Жол қауіпсіздігі» бағдарламасы Ақсай қаласының білім мекемелеріне арналған атап өтті. «Бағдарламада жол қозғалысы ережелері бойынша спектакль, музыкамен көркемделген ойындар түріндегі түрлі танымдық шаралар бар. Сонымен бірге жоба шеңберінде жол қауіпсіздігі жөніндегі материалдар таратылды. Жол қауіпсіздігі бағдарламасының негізгі мақсаты қалалық мектеп оқушылары арасында жол қауіпсіздігін жақсарту және балалар мен жасөспірімдердер жарақатының алдын алу. Яғни айтқанда негізгі мақсаттың бірі жол-көлік апатының санын азайту.

Осынау тамаша мерекемен, барлық балаларды Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтағым келеді. Олар жолда абай болсын, өздерін сақтасын. Алдағы каникул күндерінде оқушыларға жақсы демалып, күш жинап, қыркүйектің бірінде жақсы көңіл-күймен мектепке оралуларына тілектеспін» - деп қосты Мира Бердіғалиева. Мереке тамаша өтті. Өртүрлі байқауларға қатысып, жеңімпаз атанғандар сыйлықтарға ие болды. Осындай мейрамдар ауданда жиі - жиі өткізіліп тұрса нұр үстіне нұр болар еді.

# Қауіпсіздік – әлемдік деңгейде



Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласында 28 мамыр мен 3 маусым аралығында Азаматтық Қорғаныс халықаралық ұйымы мүшелерінің семинар-кеңесі өткізілді.

Делегацияны орыс тілінде сөйлейтін елдер мен АҚХҰ(МОГО) жанындағы гуманитарлық ұйымдармен қарым-қатынастардың аға жетекшісі Салтанат Ташматова бастап келді. Делегацияның

әрбір облыстан келген ТЖ Департаментінің басшыларымен бірге Қарашығанақ кен орнында болды. Кен орнында делегация мен қонақтарды өндіріс жөніндегі директор Грэм Скоттон, кен орны менеджері Роберт Де Митри ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімінің менеджері Стив Навурски, Авариялық жедел топтың басшысы Александр Орхименко, ҚТ кооперативті бөлімінің менеджері Лоуренс Маттисон



құрамына мемлекеттердің ТЖ министрліктері мен Департаменттерінің өкілдері кіреді. (Әзербайжан, Ресей, Қырғызстан).

2011 жылы 2 маусымда АҚХҰ делегациясы ҚР-ның ТЖ министрлігі өкілдерімен

және ҚТ кооперативті бөлімінің бастығының орынбасары Владимир Вологин қарсы алды. Қарашығанақ кен орнына келген кез келген адам үшін қауіпсіздік ережесін қатаң сақтау – басты талап. Ұйымдастырушылар ең алдымен қатысушылар

мен бақылаушыларды және БАҚ өкілдерін шараның бағдарламасымен таныстырды, мақсаты мен міндеті түсіндірілді, сол сияқты кен орны аумағындағы қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулық та өткізді. Кездесу барысында өндіріс директоры Грэм Скоттон жиналғандарды КПО компаниясының қызметімен таныстырды, Қарашығанақ кен орны туралы әңгімелеп берді.

Делегацияның басшысы Салтанат Ташматова АҚХҰ-ның негізгі мақсаты туралы былай деді: «біздің ұйымға кіретін елдерде техногендік және табиғи катастрофаларды болдырмау, олардан қорғау және қарсы күресу бағытында жұмыс жасау, азаматтық қорғанысты дамыту, катастрофа болған елдерге гуманитарлық көмек көрсету». Сонымен бірге Салтанат Ташматова қазіргі уақытта Қазақстанның экономикалық өсу-өркендеу жағдайында екенін айтты. «Ол өндіріс орындарының санының өсуімен тікелей байланысты. Ал олардың қызметі барысында белгілі дәрежеде өндірістік тәуекел қатар жүреді. Сондықтан да 1958 жылы ашылған, бас штабы Женевада орналасқан АҚХҰ дамып келе жатқан елдерге қолдау көрсету, ТЖ алдын алу мен жоюды қамтамасыз ету деңгейін көтеруге бағытталған курстар, тренингтер мен оқулар өткізумен айналысады. Катастрофаға ұшыраған елдерге гуманитарлық көмек көрсетеді, АҚ құрылымдары мен ТЖ алдын алу жұмыстарын жақсартуға қолдау жасайды. Әлемде АҚХҰ-ның 51 мүшесі арқылы қолдау көрсетіліп отырған 10 аумақтық оқу орталықтары мен бақылаушы елдер жұмыс жасайды. Біздің ұйымның ұсынысы бойынша Қарашығанақта оқу өткізілді, оның қорытындысы азаматтық қорғаныс, өндірістік және экологиялық қауіпсіздік желілері бойынша жоғары деңгейдегі дайындықты дәлелдеп берді деп атап көрсетті Салтанат. Бақылаушы кәсіби мамандар қазақстандықтар көрсеткен барлық қауіпсіздік бағдарламасы

халықаралық стандарттарға сай келетініне көз жеткізді. Сол сияқты АҚХҰ атынан біз қазақстандық АҚ және ТЖ мамандарының кәсіби дайындығы әлемдік деңгейдегі эксперттер талабына жауап бере алады деп айта аламын. Яғни қазақстандық құтқарушылар біздің болашақта өткізетін халықаралық деңгейдегі оқуларына қатыса алады».

Оқу-жаттығу барысында

ауданда қоршаған ортаны сенімді қорғаумен қамтамасыз ете алатынына нақты түрде көз жеткізді.

Омск облысының ТЖ бас басқармасының полковнигі Андрей Андреев: бұндай оқулар төтенше жағдайдағы барлық бөлімшелердің іс-әрекеттерін бақылауға мүмкіндік береді, осылайша ғана біз қателіктерге ұрынбайтын боламыз-деп атап



нысандардың, басқару орындары мен авариялық құтқару ұйымдары басшыларының іс-әрекет пен ұйымдас әрекет ету дағдылары қалыптастырылып, машықтандырылып, қойылған мақсат пен міндеттер бойынша басшылықтың іс-әрекеті бағаланды, авариялық жағдайды болдырмау мен жою, адамдарды құтқару мен қауіпті факторлар әсерін азайту үшін қажетті құжат анықталды. 2011 жылғы кешенді оқу-жаттығу жұмыстары КПО-ның Қарашығанақ кен орнын қауіпсіз игеру үшін қажетті тәжірибесі мен мүмкіндіктері жеткілікті екенін көрсетті. Оқу-жаттығу қорытындысы бойынша оған қатысушылар, оның ішінде Ресейдің, Әзербайжанның және Қырғызстанның ТЖ қызметкерлері, компанияның және БҚО ІІД мен ТЖ бөлімдері мен басқа да мамандандырылған ұйымдардың қызметкерлері мен техникалық құрал-жабдықтарының арқасында табиғи ресурстар игеріліп жатқан

көрсетті. ТЖ, ІІД мен өрт сөндіру қызметтерімен бірлескен төтенше жағдайлардың алдын алу мен оған жол бермеудің кешенді жүйелі және кәсіби жолдары мұнай өндіруді өндірістік, экологиялық және өрт қауіпсіздігі жағынан қамтамасыз етудің келілі болып табылады.

БҚО ТЖ департаментінің бастығы К. Бисембаев авариялық шұғыл топтың жұмыла жасаған жұмысы, КПО-ның су жаңа техникасы, құрал-жабдықтары, арнаулы киім мен техникалық жарықтандырылуы мамандарға жақсы әсер қалдырғанын атап өтті. Оқу-жаттығу жұмысына қатысушылардың бірде бір қателік жібермегені өте жоғары бағаланды. Бақылаушы комиссияның айтуынша жалпы оқу-жаттығу жоғары кәсіби деңгейде өтті, яғни Қарашығанақта болуы мүмкін әртүрлі авариялық жағдайларды болдырмау мен жоюға толықтай дайын екенін көрсетті.

## Жобаны әзірлеу жөніндегі директор

Астанадағы ҚПО-ның жобаны әзірлеу жөніндегі директор қызметіне Альберто Меанте тағайындалды.

Альберто мұнай-газ саласында техникалық және пайдаланылмай дағдыларын жоғары меңгерген, 15 жылдан астам жобалау және құрылыс сияқты негізгі салаларда, мысалы, Батыс Африка мен Солтүстік теңізде кен өндіру және зауыттарды салуда ірі көлемді жобаларды әзірлеу жұмыстарын жүргізген. Альберто техникалық менеджер қызметінде өндіріс, техникалық қызмет көрсету, логистика және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жұмыстарына жауапкершілікте болды. 2008 жылдың тамызынан бастап Эни (Иран) компаниясында жобаларды әзірлеу жөніндегі директор және бас директордың орынбасары қызметін атқарды.

Альберто жобаны әзірлеу жөніндегі директор қызметіне 27 тамыздан 3 жыл мерзімге тағайындалды.

Сіздердің Альбертоны жаңа қызметке тағайындауымен құттықтауыма қосылатындарыңызға сенемін. Оған жаңа қызметінде барынша мол табыс тілейміз.

